

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 249 қаулысы

Батыс Тянь-Шань тау жүйесі Қаратау жотасының бірегей табиғи кешендерін сақтау және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының аумағындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы алаңы 196 гектар жер учаскелері, сондай-ақ жалпы алаңы 34104 гектар қордағы жерлер жер санатынан алынсын және олар тұрақты жер пайдалану құқығымен Мекемеге берілсін.

Көрсетілген жер учаскелері ауыл шаруашылығы мақсатындағы және қордағы жерлер санатынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатына көшірілсін, ал осы аумақта орналасқан ормандар "мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары" қорғаныштық санатына жатқызылсын.

3. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Мекеме жерлерінің жергілікті шекарасын белгілесін.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі күзет аймағының шегінде бұл аумақтардың экологиялық жүйесінің жай-күйіне теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым сала отырып, Мекеме жерлерінің төңірегінде күзет аймағын белгілесін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме туралы ережені бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұстауға көзделетін сомалар есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

7 . < \* >

*Ескерту. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен .*

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

1

наурыздағы

№

249

қаулысына

қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының аумағында  
құрылатын Қаратау мемлекеттік табиғи қорығына тұрақты жер  
пайдалануға берілетін жер учаскелерінің

Экспликациясы

Р/с	Жерлер санаты және ауыл шаруашылығы алқаптары	Алаңы, га
1	Яссы ауылдық округі - 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер: жайылымдар жиыны:	196 196
	2) қордағы жерлер жиыны:	23850 23850
	барлығы: 24046	
2	Оранғай ауылдық округі - қордағы жерлер жиыны: 10264	10254 10264
	Барлығы:	34300